

**Толыбай жалпы орта білім беретін мектебінің 2022-2023 оқу жылындағы
тәрбие жұмысы бойынша талдауы**

Толыбай ЖОББ мектебіне оқу жылының басында 61 оқушы қабылданды.

Жалпыазаматтық және ұлттық тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отырып, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтеді.

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие , құқықтық тәрбие
2. Рухани –адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
- 4.Отбасы тәрбиесі.
- 5.Еңбек , экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Көпмәдениетті және көркем –эстетикалық тәрбие
7. Зияткелік тәрбие,ақпараттық мәдениет тәрбиесі
8. Дене тәрбиесі ,салауатты өмір салты.

01.09.2022 Білім күніне арналған салтанатты жиын өткізіліп, 1 сыныпқа 5оқушы қабылданды. « Білімге ұмтылу , еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында 1-11 сыныптар арасында алғашқы сабақ өтті. Сабақта түрлі әдіс-тәсілдер қолдана отырып ,оқушыларға партиоттық тәрбие берілді.

Оқушыларды мектепішілік тәртіппен таныстырылып ,мектеп ережесі туралы ақпарат берілді. 5 қыркүйек -ҚР халықтарының Тілдері күні мерекесін ұйымдастыру мақсатында « Тәуелсіздік- мемлекеттік тіл тірегі » апталығы өтті. Апталыққа 1-11 сыныптар қатыстырылды. Апталықта түрлі сайыстар ұйымдастырылып,тіл туралы ақпараттар берілді .

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы өткізу іс-шараларының жоспары

№	Тақырыбы	Мерзімі	Өткізу формасы	Сыныбы	Жауапты
1	Мен жемқорлыққа қарсымын!	05-07.09	Сурет көрмесі	1-4	Бастауыш сынып мұғалімдері
2	Адалдық сағаттары !	06.09	Тәрбие сағаты	5-8	Қалдыбайқызы А
3	Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ !	07.09	Дебат	9-11	Сабыр Д

жоспар бойынша жұмыстар жүргізіліп , инстаграм желісіне жарияланды.

12.09.22 Отбасы күніне орай « Отбасым –бақыт мекенім !» тақырыбында ШО,МАД,1-11 сыныптар арасында ата-аналармен біріге отырып тәрбие сағаттары өтті. Тәрбие сағатта түрлі әдіс- тәсілдер қолдана отырып ,сабақты қызықты өткізілді. Өткізілген жұмыстар инстаграм желісіне жарияланды.

26.09.22 Ұстаздар күніне орай ұйымдастырылған « Дублер күні » ұйымдастырылды.

Мақсаты: Мектептегі өзін –өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру. Жиын жасалып оқушыларға жұмыстары бөлініп берілді. Жұмыстары қорытындыланып нәтижесі инстаграм желісіне жарияланды. Ұстаздарға арналған оқушылардың тартуы ретінде құттықтау концерттері өткізілді.

29.09.22 Қарттар күніне орай « Қарттарым асыл қазынам » тақырыбында ауыл қарттарына дастархан жайылып, концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Концерт соңында ауыл қарттары рахметтерін айтып , баталарын берді. Шараға 1-11 сыныптар қамтылды.

13.09. Жолда жүру ережесі тақырыбында 1-11 сынып оқушыларына түсіндірме ақпараттық жұмыстары жүргізілді.

17.10.22 қазанда Ақтасты ,Толыбай ауылдық округі Учаскелік полиция инспекторы полиция лейтенанты Сарсембаев Нұрлыбек Назарұлы 17.10.2022 күні Толыбай жалпы орта білім беретін мектебінің 2-11 сынып оқушыларымен кездесіп, « Нашақорлықтың алдын алу » «Әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу » тақырыбында дәріс оқыды .

18-21 қазан аралығында « Арайлы, Алтын күз !»Алтын күз сайысы өтті. Сайыс бастауыш, орта, жоғарғы буын бойынша өтті. Сайыста оқушылар топқа бөлініп, өз өнерлерін көрсетті. 1-11 сынып оқушылары толық қатыстырылды. Жеңімпаз топ марапатталып ,интернет желісіне жарияланды.

22.10.22 **25 –қазан Республика күніне орай « Егемен елім менің »** тақырыбында 1-11 сыныптарда іс-шаралары ұйымдастырылды. « Тұғыры биік –Қазақстан » жиын 1-11 кластар « Қазақстаным –кең байтақ жерім » тәрбие сағаттары 1-11 сыныптар , « Егемен елім менің » концерттік бағдарлама ұйымдастырылды.

«Мектебіңе гүл сыйла»акциясы ұйымдастырылып мектеп оқушылары өз кабинеттеріне гүл отырғызып, кабинеттерін безендірді.

Ата –аналар жиналысы өткізіліп 1 тоқсан бойынша қорытынды мәліметтері айтылды.

I тоқсанда өткізілмеген тәрбие сағаттардан II тоқсанда өткені:

«Ұлылардан қалған сөз» 10 класс Сабыр Дәметкен ашық тәрбие сағаты өтті

Сабақта ұлы ғұламалардың шығармашылығы мен өмір жолдары туралы айтылды.

«Ұлттық ойын ой сергітер» тақырыбында 3 класта Нургалиева Гүлсім ашық тәрбие сағаты өтті. Сабақта түрлі ұлттық ойындар ұйымдастырылды. Сабақ мақсатына жетті.

«Бақытты бала –отбасы айнасы» тақырыбында мектеп психолгі акция ұйымдастырды. 1-11 сыныптар арасында ата-аналар , сынып жетекшілері қатыстырылды. Акция мақсаты: білім алушылар мен олардың ата-аналарының психо эмоционалды сауаттылығын жақсартуға және тұлғалық дамуына мүмкіндік беретін өмірлік құндылықтарды бағалауға үйрету.

14.11 « Өмір сен маған қымбатсың!» 7 сыныпта Ильясова М ашық тәрбие сағатын өткізді. Сабақта өмір құндылықтарын түсіну, жақсы көңіл күй қалыптастыра білуді үйрену мақсатында болды.

5.12.22 « ЖИТС » -тің алдын алу және оған қарсы күрес. 5-11 сыныптар арасында ақпарат беру жұмысы жүргізілді.

Аудандық «Мектеп Президенті » сайысына қатысып Диханбаева Әсем 3 орын иеленді.

13-15.12.22 16-желтоқсан Тәуелсіздік күні «Жасұлан» « Жасқыран » ұйымына қабылдау жиыны өткізілді. 6 сынып әдеби музыкалық монтаж орындап, мектептің әлеуметтік педагогі Әбілхан Н

« Тәуелсіздік тұғырым » тақырыбында баяндама жасады. 1-11 сыныптар аралығында тәрбие сағаттары өтті.

26-28.12.22 « Қош келдің , жаңа жыл! » мерекелік шырша ұйымдастырылып 1-11 сынып оқушылары қатыстырылды.

Қаңтар айы. «Мен таңдаған мамандық» мектеп оқушылары студентермен кездесіп , мамандық таңдау мақсатында әңгіме жүргізілді. Түрлі ойындар жүргізіліп студентер өз мамандықтарымен ой бөлісті.

« Адам бойындағы бәрі де әдемі, сұлу болуға тиіс » тақырыбында Мыңбаева Индиранын жетекшілігімен қыздар клубыны отырысы өтті. Мектеп медбикесі Солтан Азиза қыз балаларға тазалық, бет күтімі туралы кеңес берді.

27.02.2023. 1сыныпта « Дені сау азамат болайық»тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтті. Ермуратова Гулбаршын

7 сыныпта « Ой мен ойын » тақырыбында интеллектуалды ойын түрінде ашық тәрбие сағаты өтті. Класс жетекшісі Ильясова М

1 наурыз Алғыс айту күніне орай «Жас Ұлан» ұйымының оқушылары құттықтауларын жолдады. Барлық сыныптарда тәрбие сағаттары өтті.

8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай « Балғын Ару-2023 » бастауыш сыныптар арасында, « Көктем Аруы-2023 » сайысы 5-8 сыныптар арасында өткізілді. Сайыс мақсаты: қыздарды салт-дәстүрге , инабаттылыққа , сыпайылыққа, үй шаруасына бейімделуге тәрбиелеу. Оқушылар аналарына арналған құттықтауларын жолдады.

22- наурыз –« Наурыз – бірліктің ,еңбектің ,татулықтың ізгіліктің мерекесі » мерекелік іс-шара өткізіліп мектеп оқушылары толық қамтылып қатыстырылды.

«Оқуға құштар мектеп » жобасы аясында оқушылар арасында « » сайысы өткізіліп аудандық сайысқа Фазизқызы Айда жолдама алды.

«Дебат » клубының жұмысы бойынша « Жемқорлықтың дамуына әсер ететін факторлар мен себептер » тақырыбында пікірталас өткізілді. Пікірталасқа 7,8 сынып оқушылары қатыстырылды.

Дүниежүзілік туберкулезбен күрес күніне орай « Ауырмаймын десең..» тақырыбында ауыл медбикесі Калимаханова А дәріс оқыды. 5-11 сынып оқушылары толық қамтылып қатыстырылды.

12- сәуір Ғарышкерлер күніне орай « Ғарышқа түрен салған қыран қазақ» тақырыбында «Жас Ұлан » ұйымының мүшелері құттықтау челленджі жолданып әлеуметтік желіге жүктелді.

«Достық –көмектеп мықты » мектеп оқушылары мектеп ауласына гүл көшеттерін отырғызып ,бөлме гүлдерін отырғызды. Бастауыш сынып оқушылары ата-аналарымен ағаш көшеттерін отырғызды .

02.05 аудандық мектептердің жас буын пікірсайысшы оқушылар арасында «Достық, бірлік , татулық » атты пікірсайыс турнирі өткізілді, турнирдің нәтижесінде алғыс хат иеленді.

7- сәуір –Дүниежүзілік Денсаулық күніне орай «Дені сау ұрпақ –ел болашағы » мектеп медткесі 5-11 сынып оқушыларына дәріс оқып ,түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

28.04 . 1-мамыр Халықаралық бірлік күніне арналған 1-11 сынып оқушыларының арасында тәрбие сағаттары өткізілді.

« Оқуға құштар мектеп » жобасы бойынша «Кітап сүйер оқырман» аудандық байқауына қатысып Ғазизқызы Аида 3 орынға ие болды.

Экологиялық фракциялары мүшелерінің арасындағы «Тұрмыстық қалдық заттарды қайта өңдеу » атты аудандық байқауының байқауына Нүркенқызы Ақбота қатысып ынталандыру марапатына ие болды.

4-6.05 « Мен болашақ сарбазбын » бастауыш сынып оқушыларының арасында сайыс өтті. Ұлы Жеңіс мерекесіне арналған мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылды. Ұйымдастырылған әс-шараға 1-11 сынып оқушылары қатыстырылды.

22-23.05 мектебімізде Ауған соғысының ардагері Инирбаев Ұзақ Әбдібекұлын еске алу мақсатында «Қазақ күресі» аудандық турнирі өткізілді .

25-29 .05 « Тарихтан тағылым-өткеге тағзым» 31 мамыр –саяси қуғын –сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу мақсатында 1-11 сынып оқушыларына тәрбие сағаттары өткізілді.

31.05 мектеп оқушылары арасында қауіпсіздік шаралары, жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік шаралары , алғашқы көмекті қалай жасайды деген мақсатта түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

1 маусым күні 2022-2023 оқу жылының аяқталуына арналған білім қоңырауы салтанатты жиыны өткізіліп, мектеп түлектерін өмір жолына шығарып салынды. 1-маусым балаларды қорғау күніне арналған ертеңгілік өткізіліп , бүлдіршіндірге арналған ұтылыссыз лотерея билеттері ойнатылды.

Ата-аналар жиналысы өткізіліп , оқушылардың үлгерімі мен тәрбиесі туралы мәліметтер берілді .

ТІЖО :  Н. Ермаганбетова